

"Қайта ұйымдастырылған инвестициялық жекешелендіру қорларының жарғылық капиталының мөлшерін айқындау тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы 1997 жылғы 22 шілдедегі N 105 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 тамызда тіркелді. Тіркеу N 358. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2004 жылғы 27 желтоқсандағы
N 392 қаулысына Қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік
құқықтық актілердің тізбесі*

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қайта ұйымдастырылған инвестициялық жекешелендіру қорларының жарғылық капиталының мөлшерін айқындау тәртібі туралы" Ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 22 шілдедегі N 105 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актері мен мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 358 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік актілер жинағында жарияланған, 2001 жыл, 4-том)...

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы
қ а у л ы е т е д і :

1. "Қайта ұйымдастырылған инвестициялық жекешелендіру қорларының жарғылық капиталының мөлшерін айқындау тәртібі туралы" Ереже бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасына осы ережені мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсыну жүктелсін.

3. Экономикалық талдау бөлімі осы ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен
б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

5. Осы ереженің орындалысына бақылау жасау инвестициялауды басқару бөліміне жүктелсін.

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я н ы ң

Төрағасы

**Қайта ұйымдастырылған инвестициялық жекешелендіру
қорларының жарғылық капиталының мөлшерін айқындау
тәртібі туралы
Ереже**

Осы Ереже қайта ұйымдастырылған инвестициялық қорлардың жарғылық капиталының мөлшерін, акцияларының санын және бастапқы құнын айқындау тәртібін белгілейді.

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Бағалы қағаздар туралы" 1997 жылғы 5 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 Қаулысымен бекітілген "Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы" Ережеге, "Инвестициялық жекешелендіру қорларындағы бухгалтерлік есепке алу және есеп беру туралы" Уақытша Ережеге (ҚР Қаржыминінің 1993 жылғы 25 маусымдағы N 15 және ҚР Меммүліккомының 1933 жылғы 26 маусымдағы N 2/2 бірлескен қаулысына N 6 қосымша), Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысымен бекітілген "Бухгалтерлік баланс және қаржылық есеп берудегі негізгі ашылымдар", Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 15 қарашадағы N 5 қаулысымен бекітілген N 18 "Инвестициялық қорлардағы есепке алу" N 2 бухгалтерлік есепке алу стандарттарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Осы ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"АҚ акциялары" - акционерлік қоғамдардың купондық аукциондарда инвестициялық жекешелендіру қорлары сатып алған акциялары;

"купон" - тұрғындардың жаппай жекешелендіруге қатысу құралы болып табылатын инвестициялық жекешелендіру купоны;

"аукцион" - Ұлттық мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасына сәйкес инвестициялық жекешелендіру қорлары купондарға ауыстыру арқылы жекешелендірілген кәсіпорындардың акцияларын сатып алған к у п о н д ы қ а у к ц и о н ;

"АҚ акциялар пакетінің бастапқы құны" - бір акционерлік қоғамның белгілі бір аукционда инвестициялық жекешелендіру қорларының сатып алған акцияларының жалпы санының бастапқы құны.

II. Жарғылық капиталдың мөлшерін айқындау

3. Инвестициялық жекешелендіру қорларының (бұдан әрі - ИЖК) жарғылық к а п и т а л ы н а :

- құрылтайшылардың капиталы;
- тартылған акционерлік капитал (купон салымшыларының капиталы) кіреді.

Құрылтайшылар капиталы мен тартылған акционерлік капиталдың соңғы купондық аукционды жүргізу күніне қалыптастырылған капиталдың мөлшерін а у д и т о р р а с т а у к е р е к .

4. ИЖК акцияларының жалпы санын және бір акциясының бастапқы құнын айқындау мынадай әдістеме бойынша жүргізіледі:

- тартылған акционерлік капиталдың мөлшері айқындалады;
- ИЖК бір акциясының бастапқы құны есептелінеді;
- ИЖК құрылтайшылар мен купон салымшыларына тиесілі акцияларының ж а л п ы с а н ы а й қ ы н д а л а д ы .

4.1. Тартылған акционерлік капиталдың мөлшерін айқындау үшін мыналар қ а ж е т :

а) әрбір аукционның акциялар пакетінің қорытынды бастапқы құнын айқындау, ол үшін әрбір АҚ акциялар пакеттерінің бастапқы құнын қосу керек;

б) әрбір аукционда жұмсалған купондардың қорытынды санын айқындау, ол үшін әрбір АҚ жұмсалған купондардың санын қосу керек;

в) әрбір аукцион бойынша купондардың орташа құнын айқындау, ол үшін акциялар пакеттерінің қорытынды бастапқы құнын әрбір аукцион бойынша жұмсалған купондардың қорытынды санына бөлу керек;

г) әрбір АҚ акциялар пакетінің есепке алу құнын айқындау, ол үшін осы АҚ акциялары сатып алынған аукцион купондарының орташа құнының мөлшерін әрбір АҚ бойынша жұмсалған купондар санына көбейту керек;

д) әрбір аукцион бойынша акциялар пакетінің қорытынды есепке алу құнын айқындау, ол үшін АҚ акциялар пакеттерінің есепке алу құнын әрбір аукцион

б о й ы н ш а ж е к е қ о с у к е р е к ;

ж) тартылған акционерлік капиталдың мөлшерін айқындау, ол үшін барлық аукциондар бойынша акциялар пакеттерінің қорытынды есепке алу құнын қосу к е р е к .

4.2. ИЖҚ бір акциясының бастапқы құнын есептеу үшін мыналар қажет:

- а) купон салымшыларына тиесілі акциялар санын айқындау, ол үшін ИЖҚ шоғырландырылған купондарының жалпы санын онға бөлу керек;

- б) ИЖҚ бір акциясының бастапқы құнын айқындау. Ол үшін тартылған акционерлік капиталдың мөлшерін купон салымшыларына тиесілі акциялар с а н ы н а б ө л у к е р е к .

ИЖҚ акцияларының бастапқы құны теңгеге дейін дөңгелектенеді, бұл ретте бөлшектелінген бөлік жеке капиталды көбейтуге-бөлінбеген табысқа жатқызуға ж а т а д ы .

4.3. ИЖҚ акцияларының жалпы санын айқындау үшін мыналар қажет:

а) ИЖҚ құрылтайшыларына тиесілі акциялардың санын айқындау, ол үшін қорытынды купондық аукцион өткізу күніне құрылтайшылар капиталының жалпы сомасын ИЖҚ бір акциясының бастапқы құнына бөлу керек;

б) ИЖҚ акцияларының жалпы санын айқындау, ол үшін құрылтайшылар акцияларының санын купон салымшыларының акциялар санына қосу керек.

5. Осы Ережеге сәйкес жарғылық капиталы инвестициялық қорлар үшін белгіленген ең төменгі деңгейден ("Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы) төмен болып табылатын ИЖҚ Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының жазбаша рұқсатымен жеке капиталының қажетті бөлігін (АҚ акцияларын қайта бағалау сомасы) ИЖҚ акцияларының номиналын көбейту арқылы жарғылық капиталын көбейтуге арнауға құқықты.

Осы тармаққа сәйкес жарғылық капиталының мөлшерін көбейту мақсатында ИЖҚ оған тиесілі АҚ акцияларының құнын олардың бастапқы құнының 1.01.97 ж., жағдайына сәйкес өсуіне сәйкес қайта бағалауды жүргізуге құқықты, бұл аталған АҚ акциялары эмиссияларының Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясында тіркеуден (қайтадан тіркеуден) өткізілумен расталу керек.